

«Түркістан» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылау мақсатында өткізілген жиын

№1 хаттама

Откізілген күні: 7.08.2023 жыл

Катысқандар: 15 адам

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру.

Жұмыс тобы

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша жазылып жатқан ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАНЫ талдау

Жиын мүшелері

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша жұмыс тобының мүшесі А.Исахов Ішкі талдау барысы және нәтижелері туралы есепті назарға алуды сұрады.

2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5-тармағына және және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бүйріғына сәйкес «Түркістан» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-на сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдердерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, ішкі талдау кезеңі 2023 жылдың маусым айының 23 мен тамыз айының 7 күндері аралығы етіп бекітілгенін хабарлады. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Қамтылған бағыттар бойынша аныкталған кемшіліктер мен ұсыныстармен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша Түркістан қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж.Құлбайымбетов өз сөзінде талдамалық анықтамамен танысып

шыққанын, жемқорлықта жол берілмеу үшін мекеме басшысы ашық әрі жария жұмыс жасау қажет екендігін ескертті, сонымен қатар, жұмыс тобының атқарып жатқан жұмысын құптарлық деп тапты.

Сондай-ақ, ол жұмыс топ мүшелеріне сұрақ қойды: «Егер сіздер тексеру барысында қандай да бір жемқорлық фактісін анықтасаңыздар не істейсіздер? Бірден құзырлы мекемелерге хабарлама жасайсыздар ма?». Уәкілетті тұлға А.Исаев жауап берді: «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жасалған талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектесінің бірінші басшыға қарауға ұсынылады, тиісті ұсынымдар жасалады. Сонымен қатар, құзыретті мемлекеттік органдар тарапынан шаралар қабылдауды көздеңген жағдайда оларға тиісті хаттар жіберіледі, бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылады».

Қоғамдық ұйымдардың және әлеуметтік серіктестіктердің мамандар акционерлік қоғамда жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жан-жақты танысты, жұмыс тобының жұмысын қанағаттандырлық деп тапты.

ҚАУЛЫ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстары жүйелі түрде әрі үздіксіз жүргізілсін. Орындалуы қоғамның комплаенс-офицері Ж.Нурпейсовке жүктелсін.
2. Ұжымның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамаларымен таныстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Осы жиналыстың барысы туралы мәлімет қоғамның сайтында жариялансын.

Жиналыс төрағасы

Хатшы

А.Исаев

А.Азимбек